

**ЖШС «Айтек-Итеc» SmART kids» балабақшасының өзіндік бағалаудан
өту қортындысы**

МАЗМҰНЫ

- 1.Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
- 2.Мамандар құрамын талдау
- 3.Тәрбиеленушілер контингенті
- 4.Оқу-әдістемелік жұмыс
- 5.Оқу-тәрбиелік жұмыс
- 6.Оқу-материалдық активтер
- 7.Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қоры
- 8.Тәрбиеленушілердің білімін бағалау
- 9.Ғылыми-зерттеу жұмысы
- 10.Педагогикалық ұжымының жұмысына ата-аналардың жауап берген сауалнамаларының талдауы
- 11.Өзіндік бағалау нәтижелерін қорытындылау
- 12.Қосымша -5
- 13.Қосымша -6

2023 жыл Алматы қаласы

Балабақшаны өзін-өзі аттестаттаудан өткізу туралы

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Алматы облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2022 жылға арналған аттестаттау кестесіне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылдың 01.06-12.06 аралығында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында өзін-өзі аттестаттау өткізілсін.
2. Балабақшаны өзін-өзі аттестаттаудан өткізілуіне байланысты кешенді-мақсатты іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілсін.
3. Балабақшаны өзін-өзі аттестаттаудан өткізу бойынша келесі құрамда комиссия құрылсын:
 - 1) К.Ускембаева - комиссия төрайымы;
 - 2) М.Байжұманова - комиссия мүшесі;
 - 3) З.Уркимбаева - медбике, комиссия мүшесі;
 - 4) Г.Нұралы- тәрбиеші, комиссия мүшесі.
 - 5) К.Базарбаева- тәрбиеші, комиссия мүшесі.

Балабақшаның өзін-өзі аттестаттау құжаттары 2023 жылдың 15 маусымда Алматы қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсынылсын.

Алматы қаласы Бостандық ауданы «SmART kids» балабақшасының өзіндік бағалау нәтижесінің қорытындысы

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

ЖШС «Айтек-Итек» «SmART kids» бақшасында өзіндік бағалау 2023 жылдың 14 шілде мен 30 шілде аралығында өтті.

2016 жылдан бастап желтоқсан айынан бастап жұмыс істейді.

Мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық аудан, Үмбетбаев көшесі, 216 үй.

Ғимарат түрі - 2 қабатты.

Жер көлемі – 1066 м²

Ғимарат көлемі – 409 м²

Жоба қуаттылығы – 53 орын.

Оқыту тілі – қазақша, орысша

Қазіргі таңда балабақшада 3 топ жұмыс істейді.

3 жастан бастап; қазақ топ «Айгөлек», орыс топ «Сказка» осы екі топ бюджеттік есепте, кіші топ «Балапан» коммерциялық есепте. Бір топ балалардың жас ерекшелігіне сәйкес топтастырылған, екі топ аралас топ.

Тәрбиеленушілер мемлекеттік тілде және орыс тілінде тәрбиеленуде. Балабақшада 2 топ қазақ тілінде және 1 топ орыс тілінде тәрбиеленіп жатыр.

Балабақшаның жұмыс уақыты: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері - сағат 08.00-дан 18:00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі. Балалар үшін музыка залы, спорт залы, медициналық кабинет, ашық ойын алаңы, баланың жас ерекшелігіне, заман талабына сай жабдықталған топтар бар. Сондай-ақ асхана, тамақтану, кір жуатын, кір үтіктейтін бөлмелері жыл бойы қызмет көрсетеді.

Педагогтар тәрбие мен оқыту үрдісінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игере отырып, жаңа әдістерді іздену арқылы білімін тәрбиеленушілерге тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді. Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда.

2021-2022 оқу жылында «**SmART kids**» балабақшасында білім беру процесі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына» 31 қазан 2018 жылғы №604 бұйрығы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына /ҚРБҒМ 20.12.2012 жылғы

№557 бұйрығының және 15.05.2020 жылдың №195 бұйрығыны және 15.05.2020 жылдың №195 бұйрығының 1-қосымшасы, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 30.10.2018 жылғы №595 бұйрығы және 12.08.2016 жылғы №499 бұйрығына сүйене отырып балабақшаның оқу жоспары жасалды.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы № 615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға жіне сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларды, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Коронавирус инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығының 1-қосымшасы, Білім жіне ғылым министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы №557 бұйрығының 1-қосымшасына сүйене отырып, жас ерекшеліктеріне қарай, әр топтың жұмыс оқу жоспары жасалды.

2021-2022 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына» 31 қазан 2018 жылғы №604 бұйрығы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына /ҚРБҒМ 20.12.2012 жылғы №557 бұйрығының және 15.05.2020 жылдың №195 бұйрығыны және 15.05.2020 жылдың №195 бұйрығының 1-қосымшасы,

«Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 30.10.2018 жылғы №595 бұйрығы және 12.08.2016 жылғы №499 бұйрығына сүйене отырып балабақшаның оқу жоспары жасалды.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы № 615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларды, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Коронавирус инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығының 1-қосымшасы, Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы

№557 бұйрығының 1-қосымшасына, ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіне» сүйене отырып, барлық жас топтарында Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған. Үлгілік оқу бағдарлама мазмұнын іске асыру барысында тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған

«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары негізінде жүзеге асырылады.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылында вариативтік компонент күннің II-жартысында тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, жүргізіледі. 2021-2022, 2022-2023 жылдары вариативтік компонент ортаңғы топта, ересек орыс топбында - 0,5 сағатты құрайды. 2022 оқу жылында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде мектеп жасына дейінгі балалардың бойында парасатты, мәдениетті, жан-жақты дамыған, тәрбиелі, білімді, заман талабына бейімделген рухани-адами құндылықтарын қалыптастыру, туған жерге деген сезім мен махаббатқа толы болашақ ұрпақ тәрбиелеу. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай мемлекеттік білім берудің үлгілік оқу бағдарламасын басты назарға ала отырып, соған сәйкес білім беру үрдісіндегі 4К моделін жүзеге асыру, жаңа технологиялардың тиімді элементтерін қолдана отырып, балалардың сөздік қорын, тіл байлықтарын, логикалық ойлау мен шығармашылық қабілеттерін ойын арқылы жетілдіру, сондай-ақ балалардың дені сау, дербес, білімге құмар,

мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығын қамтамасыз ету.

Міндеттері: 1. Баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуда заттық-кеңістікті дамыту орталықтарына қажетті құралдардың сапасын жоғарылатып, танымдық қабілеттерін басшылыққа ала

отырып, логикалық ойлауы мен ой шапшаңдығын дамытуды ойын арқылы қызығушылықтарын арттырып, тәрбие мен білім беру.

Балалардың білім дағдыларын, рухани-адамгершілік, эстетикалық, ақыл-ой сезімдерін ойын арқылы жан-жақты дамыта отырып, жас ерекшеліктеріне сай балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

2019 жылдан бастап, «**SmART kids**» балабақшасы Елбасымыз жариялаған «Мәңгілік ел» аясында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде парасатты, жан-жақты дамыған, тәрбиелі, білімді, заман талабына бейімделген адами құндылықтары жоғары болашақ тұлғаны тәрбиелеу мақсатында жұмыстарды жандандырып, жүргізіп келеді.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және орта, ересек, кіші топтарында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаттары негізінде жылдық, айлық жоспар құрылып, берілген өтпелі тақырыптар мен тақырыпшаларға мақсат, міндеттер қою арқылы циклограммалар құрылымы жас ерекшелігі ескеріліп, күн тәртібіне сәйкес құрастырылып, іс-жүзінде жұмыстар атқарылуда.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:

- Өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар:
- Апталық циклограмма:
- Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйек айында, аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында).

Балабақшаның оқу-тәрбие үрдісінде педагогтер «В.Воскобовичтің» дамытушы ойындары мен «Денсаулық сақтау» технологиясын, «Жобалау» әдісін жүйелі түрде кеңінен пайдаланады. Тәрбиеленушінің шығармашылық және интеллектуалды қабілеттерін дамытуда инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану үшін жағдайлар жасау арқылы педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру барысында жұмыс жүргізіледі.

Балалардың ойлау қабілетін, шығармашылығын жан-жақты дамыту үшін психологиялық тренингтер, релаксация, жобалау, әңгімелесу әдістерін қолданылады. Оқу-тәрбие жұмыстарында алгоритм кестесі, жеке және дербес жұмыстар, интерактивті оқыту шараларын пайдаланып отырамыз. Балалар үшін оқулықтар, дидактикалық құралдар жеткілікті. Дамытушы ойындар, дидактикалық, мазмұнды-рөлдік ойындары, қимылды, ұлттық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын, шығармашылығын дамытамыз. Мектепке дейінгі ұйымда экологиялық микроклимат құру үшін көгалдандырылып, гүлді алаңқайлар, бұталар, отырғызылған. Балабақшаның медициналық бөлмесі керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қызмет көрсету сапасы жоғары дәрежеде. Балабақшада тазалық- гигиеналық тәртіп сақтау жолы оң жолға қойылған. Күн тәртібі және балалардың тамақтану барысы үнемі сақталып отырады. Жұқпалы аурулардан сақтану, болдырмау шаралары және сауықтыру-шынықтыру жұмысы жоспарлы жүргізілуде. Емдік жұмыстары балабақша медбикесінің нұсқауымен жүргізіледі.

Балалармен оксалин майын мұрынға жағу, нәрлеу мен жеміс-жидек шырындарын беру үнемі жүргізіліп тұрады. Жыл бойы «С» витамині тағамға қосылып беріледі. Балабақша медбикесі шынығу жұмыстары бойынша бақылау жүргізіп отырады. Ата-аналарға да пайдалы кеңестер беріп тұрады. Балабақша қызметкерлерін үнемі, уақытылы медициналық тексеруден өткізіліп отырады.

МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру:

Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес балаларды балабақшада тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық- педагогикалық негізіне қойылатын талаптар жүйесі жүйелі түрде орындалады. Топта бес білім беру саласын негізге ала отырып ,дамытушы орта ұйымдастырылған. Бала өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін материалдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық психологиялық эстетикалық жағдайларды кешенді ұйымдастыру ескерілген. Пәндік дамытушы ортада баланың құрдастарымен , заттық объектілерімен жеке жұмыс , өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісуге жағдай жасалынған.

Балабақша екі қабатты, жылу жүйесі автономды, су құбыры орталықтандырылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес балабақшада жас ерекшелігіне сай баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік- кеңістік дамытушы орта баланың

психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне , оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдаланады. Заттық - дамытушы ортада баланың құрдастарымен, заттық-кеңістікте өзара іс-әрекетпен, өзара байланыс тәжірибесін алу және түрлі әлеуметтік жағдайлар мен қарым-қатынастарды үлгілеу мақсатында балалардың ойын түрлерін, еңбегін, дербес іс- әрекеттеріне жағдай жасалуда. Топтарда танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, қозғалмалы ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, ірі және ұсақ қол моторикасын дамытатын ойын құралдары , суреттер мен карточкалар , ертегі кітапшалар, сюжетті- рөлдік ойындарға арналған құралдары да бар. Дидактикалық ойын бұрышы, кезекшілік бұрышы, кітапхана бұрышы, денсаулық бұрышы, табиғат бұрышы заттық дамыту орталықтары барлық топта жабдықталған, қауіпсіздік ережелері сақталған.

Меңгеруші кабинеті-1, әдістемелік кабинет-1, есепші кабинеті- 1, музыкалық зал – 1, спорт зал-1, топтар – 3, медициналық кабинеті.

Бір бала есебіндегі ойын және оқу бөлмесі , киім шешетін бөлмелері, ұйқы бөлмесі, қыздар мен ұлдарға арналған әжетханалары бар, ұйықтайтын бөлмелер әр топтарда бар. Барлық топтар санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай жабдықталған. Антисептик, бетперде күнделікті толықтырылып отырады. Дәлізден кіргеннен бастап 22 балаға арналған киім шкафтармен қамтамасыз етілген. Топтарда бір күндік атқарылған балалардың жұмыстары күнделікті ілініп тұрады. Ата-аналарға кеңес тақтасына балалардың күнделікті күн тәртібін бұзбауға, гигиеналық іс- шараларды қолдануға арналған таратпа материалдар мен кеңестер жазылған. «Денсаулық» бұрышында денсаулықты нығайту үшін қолданылатын құрал-жабдықтар мен балаларға алғашқы көмек қобдишасымен қамтамасыз етілген. Табиғат бұрышында- аквариумдағы балықтарды бақылауға баулу. Гүлдер, табиғи заттар, балаларды еңбекке баулу мақсатындағы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Балалар табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларға, гүлге оқу құюға, топырақ қопсытуға арналған арнайы киімдері де қолжетімді жерде. Шығармашылық бұрышында балалардың күнделікті жасаған шығармашылық жұмыстарын салыстырмалы бағалау ретінде кішігірім көрме ұйымдастырылған. Балалар күнделікті жасаған жұмыстарының арқасында қызығушылықтары оянады. Әр тәрбиеленушінің жетістігін бағалап, марапаттап отырады. Жолда жүру ережесін күнделікті есте сақтау үшін арнайы қабырға суреттерімен қамтамасыз етілген.

Ас мәзірімен кезекшілік тақтасында күнделікті кезекшінің суреті мен ас мәзірі ілініп қойылады. Ас, ойын, жатын бөлмелері және дәретхана жиһаздарының өлшемі жасы мен бойына сәйкес. Күнделікті тамақтанатын

ыдыс –аяқтар, бір реттік қолданатын стакандар, қайнатылған су балалардың денсаулықтарына нұқсан келтірмейтіндей пайдаланылады. Топтағы балалардың білімін дамыту мақсатында бес саламен жүйелі жұмыс жүргізіледі. Топ көптеген заттық- дамытушылық орталармен толықтырылған. Баланың белсенділік сөздік қорларын дамытуға бағытталған «Ертегілер әлемі» -көлеңке, конус, қуыршақ, саусақ театры, үстел-үсті театрларымен және кітаптармен қамтамасыз етілген.

Ойын,құм,би,күлкі,бейнелеу,музыка терапиялары әрдайым қолданылады және балаларға өте қызықты. Сандармен геометриялық пішіндер,үлестірімелі –таратпа материалдармен,санақ таяқшалар және санамақтармен жұмыс жүргізіледі. Шығармашыл тұлғаны қалыптастыру- сезімдік эмоционалдық сананы, қиялды, ойлауды, психологиялық механизмдерін дамыту мақсатында –боямақтар, дайын үлгіні дұрыс, қиюды,табиғи материал қалдықтарынан композиция жасауды,ермексазбен сазбалшықтан мүсіндеудің элементтерін,түстерді үйлестіре білуге қызығушылықтарын арттыру мақсатында жеке жұмыстар жүргізіледі.

«SmART kids» балабақшасында:

Балалар балабақшаға төмендегі құжаттар бойынша қабылданады.

Балалардың жеке құжаттары

1. Бала денсаулық кітапшасы, медициналық анықтама;
2. электронды порталынан алынған жолдамалары;
3. Туу туралы куәліктің көшірмесі;
4. Ата-аналарының жеке куәлік көшірмесі;
5. Ата-аналармен келісім шарты.

Балабақшадағы оқу тәрбие жұмысын жақсартуда педагогикалық кеңестер, семинарлар өткізіліп тұрады. Жас мамандармен кеңестерді жан- жақты қызықты өткізумен қатар заман талабына сай құнды пікірлер беріліп отырады. Педагогтармен әдістемелік жұмыстың әртүрлі формалары (кәсіби конкурстар, байқаулар, біліктілік көрмелер ұйымдастырылып тұрады. Ұйымдастырылған оқу қызметінде бейнематериалдар қолданылады. Балабақша ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Балабақша тәрбиешілері жас ата-аналарға арналған әр түрлі іс-шаралар жүргізеді. Ата-аналармен бірігіп әртүрлі спорттық мерекелер, көрмелер, «Ашық есік» күндері ұйымдастырылып тұрады. Топтар заман талабына сай ақпараттық технологиялармен, әдістемелік

кітаптармен және ойыншықтармен, дамытушы ойындарымен, құралдарымен жабдықталған.

Ата-аналармен, тәрбиешілермен, балалармен балабақша тәрбиешілер жылдық жоспар бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп, балалармен ойындар, жаттығулар, тренингтер, мониторинг жүргізіліп тұрады. Ата-аналарға кеңестер уақытылы және жоспарлы түрде беріліп отырады.

Балабақша қажетті мамандармен қамтылған. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдарда төмендегідей құжаттарды талап етіледі.

Қызметкерлердің құжаттары:

1. Еңбек келісім шарты;
2. Еңбек кітапшасы;
3. Жеке тұлға қағазы;
4. Диплом көшірмесі (нотариалды куәландырылған);
5. Жеке куәлік көшірмесі;
6. Санитарлық кітапшасы;
7. Сотталмағаны туралы анықтама.
8. Дәрігерлік-әлеуметтік саулық наркологиялық орталықтан анықтама
9. Психикалық сауықтыру орталығынан анықтама
10. Зейнетақымен қамсызданумен келісім шарт (көшірме)

Сондай-ақ балабақшада ата-аналармен мектепке дейінгі мекеме арасында төлемақыға байланысты келісім-шарт жасалынған. Келісім- шарттың мақсаты: Ата-аналармен «**SmART kids**» балабақшасының арасындағы байланысты анықтайды және балаларды тәрбиелеу, оқыту, денсаулығын қадағалап отыруды реттейді.

ҚР Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Заңды және КМҚК Жарғысын басшылыққа ала отырып, бір жағынан «**SmART kids**» балабақшасының меңгерушісі, екінші жағынан ата-ана осы келісім шартқа қол қояды.

Келісім-шарт төмендегідей бөлімдерді құрайды:

1. Жалпыға жағдай;

1. Келісім шарт мәні;
2. МДҰ құқықтары мен міндеттері;
3. Отбасының құқықтары мен міндеттері;
4. Төлемақы тәртібі мен мөлшері:

- Ата-аналардың балалардың тамақтануына ай сайын

«SmART kids» балабақшасында 47 000т жеке іс- топтамасында барлық қажетті құжаттар (жеке іс-қағазы фотосуретімен, өмірбаяны, диплом көшірмесі, еңбек шарты, біліктілік дәрежесінің куәлігі, жеке куәлігінің көшірмесі, дәрігерлік-әлеуметтік саулық наркологиялық орталықтан анықтама, психикалық сауықтыру орталығынан анықтама, зейнетақы қорымен түзілген шарт, біліктіліктерін көтеру курстарынан өту куәліктері) жинақталған. Тәрбиешілердің және қызметкерлердің жеке еңбек кітапшасы мен жеке іс-құжаттары меңгеруші кабинетінде сақталады. Балабақшаның барлық қызметкерлерімен шаруашылық меңгерушісі әр уақытта техникалық қауіпсіздік жөнінде нұсқаулар өткізіліп, тиісті нұсқаулық журналдарына тіркеліп отырады. Балабақшаның қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерімен және мекеменің ішкі тәртіп ережелерімен «Өндірістік жиналыс» отырысында таныстырылған. Педагог мамандарды тіркеп отыратын кітап және бұйрық кітабы бар. Бұйрық кітаптары мемлекеттік қазақ тілінде жүргізіледі. Құжаттарды тіркеу және қайтарып беру жұмыстары қатаң түрде жүргізіліп отырады. Мамандарды толықтыру, сапалық құрамының құжаттары мен сандық құрамына талдау жұмыстары жүргізілуде. Мектепке дейінгі ұйым педагогикалық мамандармен толық қамтылған. Өзіндік бағалау барысында мекеменің ішкі тәртібінің іс-әрекеттерін анықтайтын құрылтайшы құжаттардың бар екендігі тексерілді.

Мектепке дейінгі мекеменің ішкі тәртібін реттеуші төл құжаттары:

-Занды тұлғаның мемлекеттік тірнкеу туралы куәлігі, Алматы қаласының Әділет Департаменті, тіркеу №41790-1910-ЖШС Алматы қаласы 27.10.2014 жыл;

-Бизнес сәйкестендіру (БСН): №010840002869

-Техникалық төлқұжат 01.03.2022 ж

-Тұрақты жер пайдалану құқығы, кадастрлық №20-313-012-200-216-1

-Мемлекеттік білім беру және мемлекеттік медициналық қызмет пен лицензия, берілген күні 29.02.2016

жыл, лицензияның №16003899

-әрекет мерзімі- шектеусіз.

| Мекеме атауы | Мекен-жайы | Телефон | Меңгерушінің аты-жөні | Почта индексі |
|--------------------------------------|--|---------------------------------|------------------------------------|---------------|
| ЖШС «Айтек-Итеc» «Smart kids» б/б | Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Умбетбаев 216 үй | ж.тел;337-92-22 +77012969100 | Ускембаева Куляйхан Туралбаевна | 050000 |

2. Мамандар құрамын талдау

Сапалы білім мен тәрбие беру мектепке дейінгі мекеме жұмыстарының тиімділігі және даму көрсеткіштері. Оны жүзеге асыру үшін ең алдымен педагог мамандарының қызметі, дамуы. Сондықтан да, педагогикалық менеджмент негізінде құрылған басқару қызметінің басты бағыттарының бірі ретінде педагогтардың мәртебесін көтеру, олардың кәсіби шығармашылық деңгейлерін арттыруға деген мотивация тудыру, өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру болып табылады. Басқару қызметінде педагогикалық менеджмент негіздемесінде педагогтардың мәртебесін көтеру ғана емес, мақсаты тұрақталып ынтымақтастықпен жасалынып, жететін жетістіктерге бағытталған. Ұйымдастыру түрлерін жетілдіріп, бірлесе технологиялық шаралар мен ережелерді сақтай отырып, барлық педагогтарға қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету. Білім беру үрдісінің өнімділігін барынша арттырып, жаңа көзқарастардың тууына арналған жүйелі жұмыстардың арқасында балабақша ұжымында сапалық өзгерістерге қол жеткізілді.

Тәрбие мен оқыту процесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес

жүргізіледі. Білім беру салаларында, оқу қызметінде көлемінің тепе-теңдігі сақталған. Бала құзіреттілігін қалыптастыру - білім беру іс-әрекетінің бағыты болып табылады. Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының бірлескен іс-әрекеті балалардың дербестік даму кеңістігін, шығармашылығының басталуын қалыптастырады. Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының ұжымды ынталандыру жүйесінде жеке өзіндік дамуы және дербестік шығармашылық әрекетіне бағытталған. Мұның өзі жаңа даму жүйесіндегі жеке тұлғаның дамуы және педагогикалық қызметінің жоғары сапалық көрсеткішін көрсетеді. Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілері мен педагог мамандар өзінің шеберлігі мен біліктілігін үнемі арттырып отырады. Әлсіз тұстарын жетілдіру үшін, озық көшінен қалмауды басты назарда ұстайды Семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестер, әдістемелік отырыстар өткізіледі. **Аудандық білім беру жүйесі мамандарының біліктілігін көтеруді біліктілікті арттыру институтында жоспарланған кестесіне сай курстық дайындықтардан өтеді.** Бүгінгі педагог - кәсіби ізденуші, зерттеуші, өз бетінше шығармашыл, әдістемелік теориялық ойлау қабілеті жоғары, ерекше ынта-ықылас, серпінмен, қызығушылықпен, құлшыныспен, ұжыммен бірлескен әрекеттер құра алатын маман. Сонымен қатар, өз бетімен білімін көтеру бағыты бойынша белсенді түрде жұмыс жүргізіледі. Алдыңғы қатарлы озық педагогикалық іс – тәжірибесін арттыруға жағдай жасалынған.

Төменде педагогикалық ұжымның сапалық құрамындағы өзгерістер көрсеткішін келтіріп отырмыз.

Мектепке дейінгі ұйымда штаттық кестеге байланысты қызметкерлер саны- 41,65. Оның ішінде педагогтар саны –19,75 әкімшілік және техникалық персонал – 21,9. Қазіргі уақытта қызметкерлер саны – 58. Педагогтар саны – 29, әкімшілік және техникалық персонал –

Педагогикалық мамандардың білім беру сипаттамасындағы өзгерістер

| Оқу жылдары | Жалпы педагог саны | Жоғары білім | Арнаулы орта | Жалпы орта |
|-------------|--------------------|--------------|--------------|------------|
| 2022-2023 | 6 | 4 | 2 | 2 |
| 2023-2024 | 6 | 4 | 2 | 2 |

Педагогикалық ұжымды басқара отырып, әрбір педагогтың жетістіктерін жүйелі бағалау, бүкіл ұжымның бағалай білуіне қол жеткізу үлкен маңызға ие.

Тәрбиешілер мен педагогтарды базалық білімі туралы мәлімет

| Жылы | Жалпы педагог саны | Білім беру ережесіне сәйкес келетін базалық білімі бар педагогтар | Білім беру ережесіне сәйкес келетін базалық білімі жоқ педагогтар |
|--------------------|--------------------|---|---|
| 2022-2023 оқу жылы | 6 | 2 | 4 |
| 2023-2024 оқу жылы | 6 | 2 | 4 |

Біліктілік санаты бойынша педагогтар құрамы

| Оқу жылы | Жоғары санаты | | Бірінші санаты | | Екінші санаты | | Санатсыз | |
|-----------|---------------|--|----------------|--|---------------|--|----------|--|
| | | | | | | | | |
| 2022-2023 | | | | | 1 | | 5 | |
| 2023-2024 | | | | | 1 | | 5 | |

ЖШС «Айтек-Итек» «SmART kids» балабақшасының 2022-2023 оқу жылындағы педагогтердің сапалық құрамы

| № | Аты-жөні, тегі (толық) | Туған жылы күні | Білімі | Бітірген оқу орны (толық), жылы | Мамандығы | лауазымы | жұмыс жасайтын тобы | оқыту тілі | Пед өтілі | Санаты | курстан өткен орны, уақыты |
|---|----------------------------------|-----------------|-------------|---|--|------------------|---------------------|------------|-----------|--------|--|
| 1 | Ускембаева Куляйхан Туралбаевна | 29.07.1971. | Орта арнайы | Панфилов педагогикалық училищесі 1989ж | мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешісі. | меңгеруші | | | 23 | | «Маман-Специалист» Мемлекеттік лицензия ААН№0002808 |
| 2 | Байжұманова Мадина Мадиярбековна | 29.04.1977. | орта | М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік колледж 2014ж | Бастауыш мұғалімі | тәрбиеші | «Сказка»орыс тобы | орысша | 10 | | «Маман-Специалист» Мемлекеттік лицензия АААН№0002808 |
| 3 | Нұралы Гүлназ Нұрланқызы | 18.02.2000. | жоғары | Орталық Азия Инновациялық Университеті 2021ж | Қазақ тілі мен әдебиет маманы | тәрбиеші | «Айголек»қазақ тобы | қазақша | 3 жыл | | |
| 4 | Базарбаева Карима Аширбаевна | 02.12.1990. | жоғары | Сырдария университеті 2022ж | Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі | тәрбиеші | «Балапан»қазақ тобы | қазақша | 1жыл | | «Маман-Специалист» Мемлекеттік лицензия ААН№0002808 |
| 5 | Серік Ақнұр Сәбитқызы | 28.06.2000. | жоғары | Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті 2022ж | Музыка маманы | музыка жетекшісі | | | 1жыл | | |
| 6 | Исмайлова Анаркул Инабаговна | 18.10.1982. | орта | Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті 2014ж | Ағылшын маманы | Ағылшын мұғалімі | | ағылшын | | | |

Барлық педагог саны - 6

Меңгеруші – 1

Тәрбиеші – 3

Музыка мұғалімі – 1

Ағылшын мұғалімі -1

Білімі:

Жоғары – 4

Арнаулы орта –2

Біліктілік санаты:

Жоғары – 0

Бірінші - 1

Екінші – 0

Санаты жоқ –0

ЖШС «Айтек-Итеc» «SmART kids» балабақшасының 2023-2024 оқу жылындағы педагогтердің сапалық құрамы

| № | Аты-жөні | Туған жылы | Білімі | Оқу орны, бітірген жылы | диплом берілген уақыты, нөмірі | Мамандығы | Жалпы пед. өтілі | Осы мекемедегі пед. өтілі | Лауазымы | Санаты | Аттестаттау дан өткен жылы, | Күрстан өтуі жылы, күзлік | ЖСН |
|---|---------------------------------|-------------|-------------|--|--------------------------------|--|------------------|---------------------------|-----------|--------|-----------------------------|--|--------------|
| 1 | 2 | 3 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| 1 | Ускембаева Куляйхан Тұралбаевна | 29.07.1971. | Орта арнайы | Панфилов педагогикалық училищесі 1989ж | 28.12.1989 ТКБ №0043136 | мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешісі. | 24 | 8 | меңгеруші | жоқ | - | «Маман-Специалист» Мемлекеттік лицензия ААН№0002808808(серіз жүз серіз) сағат. 17.02.-16.08.2023. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту аясында оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдаст | 710729402827 |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|--|-------------|------|--|-------------------------------|----------------------|----|---|----------|-----|---|--|--------------|
| | | | | | | | | | | | | ыру» 80(сағат) 06.11.- 12.11.202 3 | |
| 2 | Байжұманова Мадина Мадиярбековна | 29.04.1977. | орта | М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік колледж 2014ж | 27.06.2014 ТКБ №0549240 | Бастауыш мұғалімі | 10 | 5 | тәрбиеші | жоқ | - | Маман- Специали ст» Мемлекет тік лицензия ААА№00 02808 1680(бір мың алты жүз сексен). 23.05.202 2ж- 22.05.202 3ж. «Үлгілік оқу бағдарла масының мазмұны н жетілдіру тәжірибе лері) 80 сағат. 30.10- 04.11.202 3. | 770429401968 |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|------------------------------------|------------|--------|---|---|--|---|---|----------|-----|---|--------------|
| 3 | Нұралы Гүлназ Нұрланқызы | 18.02.2000 | жоғары | Орталық Азия Инновациялық Университеті 2021ж | 15.06.2021 ВД 0001971614 4 | Қазақ тілі мен әдебиет маманы | 2 | 2 | тәрбиеші | жоқ | | 00218601141 |
| 4 | Базарбаева Карима Аширбаевна | 02.12.1990 | жоғары | Сырдария университеті 2022ж | 23.06.2022 ВД 0001697143 80382 | Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі | 1 | 1 | тәрбиеші | жоқ | Маман- Специали ст» Мемлекет тік лицензия АА№000 2808 808 сағат. 17.02- 16.08.202 3ж «Мектепк е дейінгі білім беру мекемесі нде ерекше білім беру қажеттілі ктері бар балалард ы әлеметте ндіру және оларды әлеуметті к-мәдени нормалар ға бейімдеу »80 сағат. 30.10- 04.11.202 3ж | 901202401320 |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---------------------------------|------------|--------|---|--------------------------------|----------------|-----|---|------------------|-----|--|--|--------------|
| 5 | Серік Ақнұр Сәбитқызы | 28.06.2000 | жоғары | Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті 2022ж | 27.06.2022 5B010600 | Музыка маманы | 1,5 | 1 | музыка жетекшісі | жоқ | | | 000628600420 |
| 6 | Исмайлова Анаркул Инабатовна | 18.10.1982 | | Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті 2014ж | 26.06.2014 ЖБ-Б №0699068 | Ағылшын маманы | 14 | 1 | Ағылшын мұғалімі | жоқ | | | 821018400286 |

Барлық педагог саны --6

Меңгеруші –1
Тәрбиеші – 3

Музыка мұғалімі – 1

Ағылшын мұғалімі -1

Білімі:
Жоғары – 4

Арнаулы орта –2

Біліктілік санаты:
Жоғары – 0
Бірінші - 1

Екінші – 0
Санаты жоқ-6

-
Педагогикалық еңбек өтілі:

0-5жыл – 3
5-10 жыл - 2
10-15 жыл – 0
15-тен жоғары - 1

Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау: Балабақшада ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар жоқ. Осы мекемеде Байжұманова Мадина Мадиярбековна – 5 жыл, Нұралы Гүлназ Нұрланқызы-2 жыл, Базарбаева Карима Аширбаевна-1жыл. Осы аталған мамандар тірек қимыл бұзылыстары бар және тұтықпа балалармен , ПМПК пункті тексеріп, қорытындысы арқылы балалармен жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып, жеке жұмыс барысын Монтессори технологиясының элементтерін , мнемокесте, Су-Джок терапиясын қолданып, арт-терапиясы арқылы жұмыстар жүргізіп келеді.

б) Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оны жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы:

«SmART kids» балабақшасында «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдылардың дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарын, үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес 3 топтың жас ерекшелігіне байланысты, баланың жеке даму картасы бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтың мәліметтері негізінде толтырылады. Баланың жеке даму картасы төмендегідей жүргізіледі;

Денсаулық - денсаулық үшін гигиеналық шаралардың маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру;

- жеке заттарын қолдану (бет орамал, майлық, сүлгі, тарақ)
- Ересектердің көмегімен мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауды жалғастыру (жеңін түру, қолын сабындап жуу, сүлгімен құрғатып сүрту) Жеке гигиена дағдыларын жетілдіру. Ересектің көмегімен белгілі бір ретпен киініп-шешіну, жеке гигиена дағдыларын жетілдіруді жалғастыруда.

- Қатынас - ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды, сөз тіркестерін айтуды (3–5 сөзбен) дамыту, күрделі емес сөз тіркестерін қайталауға үйрету. Таныс ертегілердің үзінділерін сахналауға ынталандыру, 3–5 сөзден тұратын сөз тіркестерін айтады.

Таным - Тәулік бөліктері туралы түсініктерін қалыптастыру. Тәулік бөліктерін суреттен, ауызша сипаттамасы бойынша ажыратуға үйрету. Тәулік бөліктерін ажырата алады. Апта күндерін, ай, жыл мезгілдерін айта алады.

Шығармашылық - Бейнелеу тәсілдері туралы түсініктерін қалыптастыру (нүкте, сызық, ырғақ). Өр түрлі сызықтарды салу: тік, көлденең, толқынды. Бейнелеудің қарапайым техникасын меңгеру (саусақ іздері, резеңке түтіктер арқылы), сурет салудың қарапайым техникасын жетілдіруді жалғастыру

Ескерту: Баланың жеке даму картасы бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша Бақылау парақтарының мәліметтері негізінде толтырылады және балабақшада сақталады.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі «мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық ортылығы бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарын негізге ала отырып, жүргізілді. Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар толтырады.

«Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысын жүргізу үшін педагогикалық процестің міндеттері мен мазмұнын айқындайды.

Педагогикалық ұжымның жылдық жұмыс көрсеткіші

Педагогикалық ұжымның қызметіндегі бұл бағыт көп салалы және педагогты шығармашылық еңбекке деген құштарлығын арттыру, ұжымның мәртебелік жағдайын арттыру үшін маңызды болып табылады. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе кеңістігінің үлкеюін бірнеше аспектілерден көруге болады.

Мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуына әсер ететін, балабақша қабырғасында қолданылған педагогтардың заманауи талапқа сай, жаңа инновациялық технологиялармен еңбек етуі, прогрессивті тәжірибесі біздің жетістігіміз болып табылады.

3.Тәрбиеленушілер контингенті

«SmART kids» балабақшасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, білім беру бағдарламалары, жылдық жоспар, мектепке дейінгі даму жоспары, оқу әдістемелік құжаттар бар.

2022 - 2023 оқу жылдарында балабақша қызметкерлері балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көптеген жетістіктерге жетті. Балалардың денсаулығын сақтау, тілдік коммуникативті, танымдылық, шығармашылық және әлеуметтік құзыреттілігінің дамуына, кешенді - сауықтыру шаралары және балаларды сапалы оқу, тәрбие бойынша жұмыс жасады.

4.Оқу-әдістемелік жұмыс

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының жылдық жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы, базалық оқу жоспарындағы әрбір жас кезеңдеріне арналған оқу жүктемелері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ережелеріне сай жасалынған. Оқу жүктемесіне 5 білім беру саласының мазмұны кіреді: «Денсаулық»,

«Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет». Мектепке дейінгі ұйымда білім және тәрбие беру үрдісі Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Білім туралы» заңына сәйкес іске асырылуда.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын

қолдану барысы, балалардың денсаулықты сақтау, тілдік-коммуникативті, танымдылық, шығармашылық және әлеуметтік құзыреттілігінің дамуына бағытталған.

Жылдық міндеттемелер

| Оқу жылдары | Жылдық міндеттемелер |
|-------------|--|
| 2021-2022 | <ol style="list-style-type: none"> 1. Мектепке дейінгі балалардың қабілеттерін қызықты математикалық ойынын тиімді дамыту. 2. Бейнелеу оқу қызметінің дәстүрден тыс сурет салу арқылы балалардың бойындағы көркемдік, шығармашылық қабілеттерін ашу және дамыту. |
| 2022-2023 | <ol style="list-style-type: none"> 1. Балабақша мамандарымен бірлесе отырып балалардың мәнерлеп оқумен сөйлеу нормаларын игеру, дағдыларын қалыптастыру. 2. Әртүрлі оқу қызмет барысында адамгершілік патриоттық беру жұмыстарын жүйелеу. |
| 2023 - 2024 | <ol style="list-style-type: none"> 1. Балабақшада дене шынықтыру және шынығу шаралары жүйесін құру арқылы тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту 2. Өнер туындыларын қабылдау және дағдысын қалыптастыру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. |

2022-2023 оқу жылында «SmART kids» балабақшасындағы тәрбиелеу-білім беру қызметі:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және

ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-

эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-
әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) сөйлеуді дамыту;
- 3) көркем әдебиет;
- 4) сауат ашу негіздері;
- 5) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
математика негіздері;
- 6) құрастыру;
- 7) қоршаған ортамен таныстыру;
- 8) сурет салу;
- 9) мүсіндеу;
- 10) жапсыру;
- 11) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс- әрекеттер берілді.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет дене шынықтыру нұсқаушысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, дене шынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізу ұсынылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындай сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан эсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің ролін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беріледі. Барлық топтарда кітап бұрышы бар. Ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына қолайлы жағдай жасалған.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің

қарапайым дағдыларын меңгертуі қарастырылған.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Мұнда ұйымдастырылған іс-әрекет барысында берілген ұғым, түсініктерді (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.) еркін ойында және режимдік сәттерде балалардың жасына сәйкес бекіту, ол үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беріледі.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады. Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше сұрақтардың жауабын іздеуі мен табуы, алынған дағдыларды ойында қолдана алуы маңызды.

Қоршаған ортамен танысу баланың «Мен» бейнесінің пайда болуына барынша ықпал етеді. Сол себепті отбасы, түрлі мамандықтар, ересектердің еңбегі, туған жер, Отан, отан қорғаушылар туралы және т.б. түсініктер мен дағдыларын, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру көзделеді.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады және бірнеше жұмыс түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір жұмыс түрімен айналысуына болады.

Балалар айналадағы болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибе жинақтауы және дағдыларды игеруі үшін олардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін ашу ұсынылады, ол үшін балаларға жұмыс жасауға дайын үлгі беруді жиі қолданбау, бейнелеу құралдарын қолданып, бейнелерді, құрастыруларды өзбетінше жасауға ынталандыру, оларға еркіндік беру, тапсырманы шығармашылықпен орындауға баулу.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті кіші топта аптасына бір рет, ортаңғы және ересек аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалар музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

«Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу қызметінің міндеттері
«Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп, шешілетін болады.

Мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын енгізу барысында, инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану жеткіншек ұрпақтың саналы да, сапалы білім алуының бірден-бір шарты болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы аттестаттау екі этаптан тұрады: бірінші этап – өзін-өзі бағалау; екінші этап – аттестаттау комиссиясының жұмысы. Алғашқы бағалау мектепке дейінгі ұйымда әкімшілік, қызметкерлер және ата-аналармен іске асырылады. Өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар іске асырылды: топтардың жалпы жағдайын бақылау, ата-аналармен сауалнамалар жүргізу, құжаттарды талдау, қамқоршылық кеңесіне ұсыну. Өзін-өзі бағалаудың ең негізгісі топтардың жалпы жағдайын бақылау арқылы іске асырылды. Өзін-өзі бағалау барысында күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілер мен мамандардың балалармен оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу барыстарында дамытушы, дидактикалық, логикалық ойындарды, ойын әдіс-тәсілдері мен ойын жаттығуларын, ақыл ой және сөздік логикалық есептерді кеңінен қолданды. Педагогтардың күш-жігері балалардың өзін-өзі тәрбиелеуге қоршаған ортадан, табиғат құбылыстарынан, заттар әлемінен тәжірибе жасау барысында қабылдаусезімдерін оятуға бағытталған.

Балабақшамызда педагог-мамандардың кәсіби шеберліктерін қалыптасыруға, шыңдауға бағытталған іс-шаралар (педагогикалық кеңестер, ашық оқу қызметтері, семинар, кеңес, тренингтер) өткізіліп тұрады. Барлық педагог-мамандардың кәсіби біліктілігін көтеріп, компьютерлік сауаттылықты меңгеріп отырады. Білім беру ұйымында мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне инновациялық, сын тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмектер көптеп көрсетіліп тұрады. Мемлекеттік стандартты басшылыққа алып, әдістемелік іс-шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастырып отырады. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында топ тәрбиешілері оқу жылына арналып құрылған перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырады. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша жыл бойына алынған міндеттемеге сай бағдарламалық талаптар ойдағыдай өз шешімін тапты. Балалардың физикалық

денсаулығының артуына бала бойына өмірлік маңызы бар шымырлық, икемділік, ептілік, қиындыққа төзімділік сияқты дене сапаларын тәрбиелеумен жетілдіруде жүйке, сезімдік және қимыл орталықтары бір-бірімен тығыз байланысты болатындығын көруге болады. Соған орай «Денсаулық» білім беру саласы бойынша балабақшамызда шынықтыру жұмыстары ойдағыдай жүзеге асырылды. Мысалы, балалар мен ата-аналар арасында ашық ұйымдастырылған оқу қызметі мен эстафеталық ойындар өткізілді.

2021 оқу жылындағы педагогтер мен балалардың жетістіктері:

1. MEDIA ВІЛІМ Республикалық журнал Құрмет грамотасы 08.10.2021ж-18.11.2021ж.аралығында ұйымдастырылған «Қош келдің, алтын күз» атты республикалық байқауға шәкірттерін қатыстырып, өскелең ұрпақтың бойына дарындылық пен шеберлікті дамыту мақсатында қосқан үлесі үшін **Ускембаева Куляйхан Туралбаевна** марапатталды.

2. MEDIA ВІЛІМ Республикалық журнал Құрмет грамотасы 08.10.2021ж-18.11.2021ж ұйымдастырылған «Қош келдің, алтын күз» байқауына қатысып, шығармашылық дарындылығымен ерекшеленгені үшін, **1 ОРЫН АЛҒАНЫ ҮШІН Ақылбеков Ахмедияр** марапатталды. Жетекшісі: **Ускембаева Куляйхан Туралбаевна**.

3. MEDIA ВІЛІМ Республикалық журнал Құрмет грамотасы 08.10.2021ж-18.11.2021ж ұйымдастырылған «Қош келдің, алтын күз» байқауына қатысып, шығармашылық дарындылығымен ерекшеленгені үшін, **1 ОРЫН АЛҒАНЫ ҮШІН Базарбаев Муслим** марапатталды. Жетекшісі: **Ускембаева Куляйхан Туралбаевна**.

4. MEDIA ВІЛІМ Республикалық журнал Құрмет грамотасы 08.10.2021ж-18.11.2021ж ұйымдастырылған «Қош келдің, алтын күз» байқауына қатысып, шығармашылық дарындылығымен ерекшеленгені үшін, **1 ОРЫН АЛҒАНЫ ҮШІН Балтабаева Диана** марапатталды. Жетекшісі: **Ускембаева Куляйхан Туралбаевна**.

5. MEDIA ВІЛІМ Республикалық журнал Құрмет грамотасы 08.10.2021ж-18.11.2021ж ұйымдастырылған «Қош келдің, алтын күз» байқауына қатысып, шығармашылық дарындылығымен ерекшеленгені үшін, **1 ОРЫН АЛҒАНЫ ҮШІН Мейржанов Альтаир** марапатталды. Жетекшісі: **Ускембаева Куляйхан Туралбаевна**.

6. MEDIA ВІLІМ Республикалық журнал Құрмет грамотасы 08.10.2021ж-18.11.2021ж ұйымдастырылған «Қош келдің, алтын күз» байқауына қатысып, шығармашылық дарындылығымен ерекшеленгені үшін, 1 ОРЫН АЛҒАНЫ ҮШІН Таймуратов Мухаммед Али марапатталды. Жетекшісі: *Ускембаева Куляйхан Туралбаевна*.

2. ЖАСТАР ДАРЫН Республикалық дарынды және талантты жастарға арналған интернет ресурс. Диплом 1 дәрежелі

1. 13.01.2022-15.02.2022 жж. Аралықта Республика көлемінде ұйымдастырылған «Қыстың ғажайып бейнесі» атты байқауға қатысып, белсене өнер көрсетіп, шығармашылық дарындылығымен ерекшеленгені үшін, **Әйтiмбет Гүлбағдат** марапатталды. Жетекшісі: *Ускембаева Куляйхан Туралбаевна*.

2. 13.01.2022-15.02.2022 жж. Аралықта Республика көлемінде ұйымдастырылған «Қыстың ғажайып бейнесі» атты байқауға қатысып, белсене өнер көрсетіп, шығармашылық дарындылығымен ерекшеленгені үшін **Ақылбеков Ахмедияр** марапатталды. Жетекшісі: *Ускембаева Куляйхан Туралбаевна*.

3. 13.01.2022-15.02.2022 жж. Аралықта Республика көлемінде ұйымдастырылған «Қыстың ғажайып бейнесі» атты байқауға қатысып, белсене өнер көрсетіп, шығармашылық дарындылығымен ерекшеленгені үшін **Бақыт Шерхан** марапатталды. Жетекшісі: *Ускембаева Куляйхан Туралбаевна*.

4. 13.01.2022-15.02.2022 жж. Аралықта Республика көлемінде ұйымдастырылған «Қыстың ғажайып бейнесі» атты байқауға қатысып, белсене өнер көрсетіп, шығармашылық дарындылығымен ерекшеленгені үшін **Жақсылықова Саяжан** марапатталды. Жетекшісі: *Ускембаева Куляйхан Туралбаевна*.

5.13.01.2022-15.02.2022 жж. Аралықта Республика көлемінде ұйымдастырылған «**Қыстың ғажайып бейнесі**» атты байқауға қатысып, белсене өнер көрсетіп, шығармашылық дарындылығымен ерекшеленгені үшін **Таймуратов Мұхаммед Әли** марапатталды. Жетекшісі: *Ускембаева Куляйхан Туралбаевна*.

6. Құрмет грамотасы

Бостандық ауданы білім бөлімі

Ұстаздар күні мерекесімен **Ускембаева Куляйхан Туралбаевна** марапатталды. 2021ж.

7. Құрмет грамотасы

Бостандық ауданы білім бөлімі

Ұстаздар күні мерекесімен **Байжұманова Мадина Мадиярбековна** марапатталды. 2021ж.

8. Білім беру саласын дамытуға қосқан мол үлесі мен жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі шығармашылық жетістіктері үшін **Ускембаева Куляйхан Туралбаевна** марапатталды. 2022ж.

9. Алматы қаласы білім басқармасы Бостандық ауданы білім бөлімі

Құрмет грамотасы

Алматы қаласының білім беру жүйесіне және жас ұрпаққа өнегелі тәрбие беру ісіне сіңірген еңбегі мен ұстаздар күні мерекесіне орай жас ұрпаққа білім ментәрбие берудегі нәтижелі еңбегі үшін **Ускембаева Куляйхан Туралбаевна** марапатталды. 2023ж.

10. Алматы қаласы білім басқармасы Бостандық ауданы білім бөлімі

Құрмет грамотасы

Алматы қаласының білім беру жүйесіне және жас ұрпаққа өнегелі тәрбие беру ісіне сіңірген еңбегі мен ұстаздар күні мерекесіне орай жас ұрпаққа білім ментәрбие берудегі нәтижелі еңбегі үшін **Байжұманова Мадина Мадиярбековна** марапатталды. 2023ж.

11. Алғыс Хат

«Айтек-ІТЕС» ЖШС «SmART kids» балабақша ұжымы!

Сіздерді Оқу –ағарту министірлігінің атынан төл мерекеміз – Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтайды!
2023 жыл,Астана.

Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың мемлекеттік стандартында қойылған талаптарды іске асыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер т.б. өткізілуде.

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеті басқа пәндерден ерекшелігі – балалардың өз бойындағы өзгешеліктерді, әсемдігін, әдемілігін сезе білуге баулиды.

«Ұлттық ойындар» сәтінде балалар өз бойына әдеп, дәстүр, әдетті сіңіреді. Сонымен қатар – тәртіп, әділдік, кішіпейілділік, жомарттық жайлы ата-дәстүрімізді енгізіп отырамыз. Тақырыптық ертеңгіліктер өткізгенде де, («Амысың, Алтын күз», «Аман-сау бол, ақ мамам!», «Кел жаңа жыл!»),

«Ұлыстың ұлы күні», «Ер есімі, ел есінде» т.б.) балабақша мен отбасы арасындағы байланыс өте тығыз деп айтуға болады. Себебі: жас ұрпақты қазіргі заман талабына сай тәрбиелеуде ата-аналардың ықпалы зор. Ата-аналар қызметін ерекше көмекшілер ретінде тарта отырып, ата-аналар мен балабақша арасындағы байланысты нығайту арқылы келер ұрпақты еңбекке, өнерге бағыттау. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, яғни адамгершілік тәрбиесіне баулу.

Балалармен жұмыс: Баланың балабақшаға қалыптасуы, балалармен қарым-қатынасы, ата-анамен қарым-қатынасы, тәрбиешілермен қарым-қатынасы, баланың қиын кезеңдерімен жұмыс, топта психологиялық ахуалы бар баламен жұмыс, тәрбиешілермен жұмыс, ата-аналармен жұмыс: жанұялық тәрбие стилін анықтау, психологиялық ағарту және профессионалдық (дәріс, әңгіме, әдебиеттер ұсыну) түзету және дамыту жұмыстарын жүргізу. Балабақша ішінде «Күз керемет» ,«Тәуелсіздік төрінде», «Елін сүйген Елбасы» атты көрме өткізілді.

Дене тәрбиесі барлық топтарда мемлекеттік стандартқа сай өткізілуде. Жаз айларында жалаң аяқ жүру, сусындар мен шырындар ішу, дене шынықтыруды таза ауада өткізу, спорттық жарыстар мен ойын сауықтар ұйымдастырылды. «Салауатты өмір-көтеріңкі көңіл», «Бірінші байлық- денсаулық!»

Оған қоса 1-ші маусым балалар қорғау күніне арнап «Күлімде күн, күлімде!» атты спорттық мереке өткізілді.

Өздігінен қозғалу белсенділігіне келсек, кіші топ балалары кейбір қимылдарды үлкендердің көмегімен орындаса, ересек топ балалары өздері орындап, спорттық жаттығуларды әр түрлі қимыл-қозғалыс ойындарын өздері жүргізе алады. Балабақшадағы дене тәрбиесінде халық педагогикасының элементтері пайдаланылып, ұлттық ойындар ойнауға балалардың қызығушылығын арттырып отырады.

Оқу - тәрбиелік жұмыс

Қазіргі замандағы білім беру сапасы педагог-мамандардың кәсіби шеберліктеріне, тәжірибесі мен біліміне байланысты. Сондықтан мектепке дейінгі мекемеде педагогикалық құрылымның сапасы сұрыпталу бойынша жүргізілінеді. Қызметкердің лауазымдық міндеттері мекеме жарғысымен, мектепке дейінгі мекеме тәртібіне сай нормативтік-құқықтық құжаттармен келісіліп уақытылы, парасатты, жүйелі іске асырылады. Мектепке дейінгі мекемесінің оқу жоспары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттың ережелеріне сай жасалынған. Тәрбиеленушілердің оқу қызметінің ұзақтығы мен жас ерекшелігі ескерілген. Базалық оқу жоспарында әрбір жас кезеңдеріне арналған оқу жүктемесінің шеңбері

белгіленген. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тиімділігі балалардың жағымды көңіл-күйіне байланысты болады. Оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесі, өтілуі педагогикалық кеңесте, топтық және жалпы ата-аналар жиналыстарында қаралып отырылады.

Ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын дүниетанымы жоғары жан-

жақты қалыптасқан қабілетті жеке тұлға тәрбиелеуге, ұлттық тәрбиені ұштастыра отырып, рухани және дене тәрбиесінің жетілуіне педагогтардың тәрбие беруде ықпалы зор.

Оқу-тәрбие жұмысында жеке тұлғаны адамгершілікке, ақыл-ойының және сана сезімінің жетілуіне, рухани байлығын және эстетикалық сезімінің дамуына қор жинақталуына жағдай жасалынған. Көрсетілген мақсатқа жетуде келесі қызмет түрлерін іске асырады:

балаларды тереңдетілген тұлғалық–бағдарлы тәрбиелеу және оқыту баланың физиологиялық және психикалық денсаулығын нығайту, түзету және қалыптастыру;

балаларды жан-жақты дамыту, балалардың қызығушылығы мен ата-аналарарқылы балалармен жұмыс істеудің жаңа түрлері мен әдістерін құру және енгізу;

- қызметкерлердің шығармашылық дамуына жағдай жасау;
- қоғамымыздың әрбір мүшесінің құқығын қорғау.

Мектепке дейінгі ұйымда патриоттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлінеді. Жылдық жоспарға байланысты тақырыптық оқу қызметі, әдеби-музыкалық кештер, Қазақстан Республикасының тұңғыш-Президент күніне, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне, «Алтын күз», «Аман-сау бол ақ мамам!», «Кел жаңа жыл!», «Ұлыстың ұлы күні!» Осы жұмыстардың барлығына балалар, педагогтар, ата-аналар белсенді қатысады. Жыл бойы ата-аналар балабақшамызда болып жатқан мерекелерге, ойын-сауықтарға, жарыстарға өз ықыластарымен белсенділік танытып отырады.

Балаларды мектепке дайындау сапасы

Білім беру және ғылым саласына елеулі өзгерістер енгізіп жатқан қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш білім беру ісін жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті бүгінгі күннің көкейтесті мәселесі. Осы өзгерістер білім саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі ұйымдарда болашақ ұрпақтың дүниетанымын дамытуға, жеке тұлғаретінде қалыптастыруға, сәбилік шақтан бастап толық жағдай жасауды, тәрбиелеумен білім беруге аса жауапты қарауды басты міндет етіп қойып отыр. Мектепке дейінгі мекеме мен бастауыш сынып арасындағы сабақтастықтың негіздемесі: балалардың білуге деген құмарлығын дамыту; балалардың өздігінен шығармашылық жұмыс тапсырмаларын шеше білу қабілетін дамыту; балалардың

интеллектуалдық және тұлғалық дамуына бағытталған шығармашылық қиялын дамыту; тілдік қарым-қатынасын дамыту (кұрбы-кұрдастарымен, ересектермен тіл табысып, сөйлесе білу).

Қатысу-спорттық-сауықтыру кеңесінің негізгі функциялары:

Дене тәрбиесі бағдарламасының инвариантты және вариантты бөлімдерін сапалы іске асырып келеді.

Балалардың физикалық дамуының мониторингі жүргізіледі; Балалардың дене дамуындағы ауытқуларды болжау, қалпына келтіру шаралары іске асырылады;

Балалардың санасында салауатты өмір салты жайлы түсінікті қалыптастыра отырып, балабақша қызметкерлерімен ата-аналары арасында тығыз байланыс орнатылады.

Балалардың тамақтануына үлкен көңіл бөлінеді. Күнделікті тамаққа көкөністер, сүтті, балық тағамдары, тәтті тоқаштар, ірімшік көмеші, сапалы жаңа жемістер, шырындар мен сусындар беріледі.

Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі мен педагогикалық ұжымы білім аймағында мемлекеттік саясатты ұстанады. ҚР мемлекеттік жалпыға білім беру стандартын басшылыққа алады.

Оқу-материалдық активтер

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігі және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескеріліп, балабақшаның материалдық-техникалық қоры жаңа заманауи талаптарға сай. Топ бөлмелері балалардың жас ерекшелігіне сай жабдықталған, дамытушы орталарға бөлінген, маусымдық кезеңдермен безендірілген. Балабақша мұздатқыштармен, технологиялық құрал-жабдықтармен, жиһаздармен және төсек әбзелдері, орамалдармен түгелдей жабдықталған. Балалардың көңіл-күйінің қалыпты жағдайда болуына арналған психолог бөлмесі бар. Музыка, би, дене шынықтыру оқу қызметтерін сапалы жүргізуге музыка бөлмесі аспаптармен, спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған.

Баланың даму жағдайларына қойылатын жалпы талаптарға сай келеді. Барлық алаңдарда көлеңке түсіретін бастырма, ойын жабдықтары және құммен ойнайтын орындар орналастырылған. Сонымен қатар балабақша ауласы көгалдандырылған гүлдер мен гүлзарлар.

Ас бөлмелері арнайы технологиялық құралдармен жабдықталған. Бөлме ішінде ауа алмасу құрылғысы жұмыс істейді. Арнайы жеке ет, көкөніс, тағам саласына қарай тоңазытқышар, қамыр, бакалея бөлімдері арнаулы белгімен белгіленген. Тағам дайындайтын электр плиталары жүйелі түрде жұмыс істейді. Шикі тағам өнімдерін қабылдағанда оларды өлшейтін арнайы электронды таразы бар. Мұнда барлығы бірінші өлшеніп,

одан арықарай қоймаға өтеді. Шкафтар мен тоңазытқыштар жеткілікті, қоймада стеллаждар қойылған. Барлық азық-түліктерге сәйкестік куәлігі бар. Азық- түлік әкелетін кәсіпкерлермен келісім шарттар уақытылы жасалынған.

«SmART kids» балабақшасында балалар 5 рет тамақтанады. Біріншітамаққа дәрумендер қосылады.

Кір жуатын бөлмеде, әр топтың кір төсеніштері қабылданып арнайы себетке салынуда. Автомат 1 кір жуғыш машина бар, оның ішінде 6 кг. Кір жуатын бөлмеде арнайы карантинге арналған ванна орналасқан, сондай-ақ кір орамалдарды жібітуге арналған және карантин кезіндегі орамалдарды дезинфекциялауға арналған ыдыстар да бар.

Мектепке дейінгі мекемедегі баланың денсаулығын демеу және сақтау қорларының талабы мектепке дейінгі нормативтік құжаттарға сай келеді.

Ақпараттық ресурс

Ақпараттық мәдениет - бұл, ең бастысы адамның интеллектуалды белсенділігі болғандықтан, жаңа ақпаратқа үнемі қажеттілік, оны өңдеу және өз бетінше түрлі мақсатта қолдану талап етіледі.

Балабақшада 1 компьютер және 2 ноутбук, интернет желісіне қосылған, 1-факс, 1теледидар, 1интербелсенді тақта, 1 музыкалық орталық бар. Сонымен қатар педагогикалық үрдіс заманауи жабдықтарымен және көрнекі құралдармен жабдықталған. Педагогтарды керекті әдістемелік құралдармен, нұсқаулармен, әдебиетпен және мерзімді баспалармен толық қамтамасыз етіп отырады. Мақалалардың журналдарда басылуы, балабақша педагогтары жұмысы, тәжірибесі-ұжымдық қызметтің ашықтығының бір көрінісі.

Тәрбиеленушілердің білімін бағалау

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг 2021-2024 оқу жылының көрсеткіш нәтижелері:

| Оқу жылдары | Бала саны | I деңгей | II деңгей | III деңгей | % |
|--------------------|------------------|-----------------|------------------|-------------------|----------|
| 2021-2022 | | 1,4 | 36,7 | 61,9 | 100 |
| 2022-2023 | | 4,8 | 43,0 | 52,2 | 100 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|-----------|--|-----|------|------|-----|
| 2023-2024 | | 1,5 | 44,0 | 54,5 | 100 |
|-----------|--|-----|------|------|-----|

9. Мектепке дейін білім беру жүйесінің дамуына арналған жаңа, инновациялы бағдар саласындағы алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені жетілдіру

Қазіргі таңда ғасырлар қойнауында жатқан ұлттық тәрбиені, адамгершіліктің асыл қасиеттерін қалыптастыру маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. Осы ретте ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, тілдің, халықтық педагогиканың тағдыры мен болашағы балабақшадағы тәлім- тәрбиеге байланысты екені анық. Барлық уақытта баланы қоғамда әдемі, инабатты әдептілікке тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлген. Бағдарламада балалармен, ата-аналармен, педагогтармен жұмыс бағыты, түрлері мен әдістері көрсетілген.

Педагогтардың қызмет сапасы тиімділігінің көрсеткіші кәсіби мәдениет болып табылады. Біздің ұжым қызметінің басты бағыты-жалпы және кәсіби мәдениетін дамыту. Балабақша педагогтарының кәсіби дамуы- адамның өз кәсібінің шебері, нағыз кәсіби шебері болып қалыптасу мақсатында жүретін ұзақ үрдіс. Біздің ұжымда бұл жұмыс әр педагогқа оның шығармашылық еңбекке ынтасы, табиғи қабілеті, ой-пікірі, еңбек тәжірибесі есепке алына отырып, дифференциалды бағдар деңгей ретінде ұйымдастырылған түрлі бағдарламалар қолданылады:

-сенімді жұмыс атқаратын педагогтар;

-ерекше бақылау мен көңіл аударуды талап ететін педагогтар;

-тәжірибесі мол әріптестерінің көмегіне иек артатын жас педагогтар. Педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңестер, психологиялық тренингтер, семинар және басқа да жұмыс түрлері өткізіліп, балабақшадағы педагогтармен жүйелі жұмыс жүргізіледі. Дәстүрлі әдіс-тәсілдермен бірге, белсенді тәсілдер, іскерлік ойындар, пікір-сайыс, дөңгелек үстел, сияқты әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданады. Осындай жұмыстың түрлері педагогтардың шеберлігін арттыруда, өзін-өзі бағалауға, әдеби кітаптарды өз жұмысына пайдалана білуіне, ізденімпаздықтарын арттыруға жетелейді. Педагогтардың шығармашылық мүмкіншіліктеріне кәсіби өсу деңгейі мен жеке бағыттық педагогикалық құзыреттілігінің өзгерістері әсерін тигізеді. Педагогтардың кәсіби өсу деңгейін, әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық мәдениетін, шығармашылығын анықтау үшін мониторинг көрсеткіштері жүргізіледі

Қорытынды

Алматы қаласы «SmART kids» балабақшасының өзіндік бағалау нәтижелерін қорытындылау

Балабақша бойынша білім мен тәрбие беру жүйесінің оның сапасын арттыруға бағытталған динамикалық өзгерістерді бақылауға болады. Бұл педагогтердің интеллектуалдық жағынан даму және баланың батыл, өз ойын толық жеткізе алатын, кішіпейіл, ақылды, білімді болып өсуінің негізгі деңгейін көрсеткіштерінен, бағытталған мүмкіндіктер барысында тұрады:

- педагогтің білім, іскерлік дағдыларының негізгі деңгейін игеруге балаларға қоятын талабын жасына қарай және жеке мүмкіндіктерін ескеріп, көлемін ұлғайтып ұйымдастыруға жағдай жасау;
- толық кеңістікті құрып, баланың жеке дамуына кешенді сүйемелдеуді қамтамасыз ету, баланың сөйлеуін, сауат ашу негіздерін меңгерту, денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастыру;
- өз мүмкіндіктеріміздің күшіне сәйкес таңдаған жолдан, қойылған мақсаттан тайынбауға тырысамыз. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытудың, стратегияларын жасауға барлық күш - жігерімізді біріктіру қажеттілігін арттыруымыз. Осылайша балабақша қызметінің мақсатына қол жеткізу барысында ұжымдық жұмыстардың тәжірибесі балабақшадағы педагогикалық үрдістерге қорытынды жүргізуге, оның нәтижелерін алдағы жүргізілетін жұмыстарды іске асыруға, қойылған мақсаттарға жетуге үлкен септігін тигізеді деп білеміз.

Шешімі:

Аттестаттау комиссиясы жұмыстарының нәтижесі мен қорытындысын талқылай келе ұсыныстар берілді.

- "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы" (ҚР БГМ 2018ж қазандағы №604бұйрығын) орындау бағыттарын жалғастыру;
- Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде жаңа инновациялық технологияларды кеңінен пайдалану;
- Әдіскер жас маман педагогтерға циклограмманы жазуға және мониторинг жұмыстарын дұрыс жүргізуге кеңестер өткізу;
- Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді ұйымдастыруда педагогтер тәрбиелеу-білім беру үрдісінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда дамыту моделін белсенді пайдалану;
- ҚР-ның "Білім туралы" Заңына сәйкес педагог мамандарды уақытылы курстық дайындықтардан өткізу.
- Өз мүмкіндіктеріміздің күшіне сәйкес таңдаған жолдан, қойылған мақсаттан тайынбауға тырысамыз. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытудың стратегияларын жасауға барлық күш жігерімізді біріктіру қажеттілігін арттырамыз. Осылайша балабақша қызметінің мақсатына қол жеткізу барысында ұжымдық жұмыстардың тәжірибесі

балабақшадағы педагогикалық үрдістерге қорытынды жүргізуге, оның нәтижелерін алдағы жүргізілетін жұмыстарда іске асыруға, қойылған мақсаттарға жетуге үлкен септігін тигізеді деп білеміз.

Балабақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті.

Шешімі:

Аттестаттау комиссиясы жұмыстардың нәтижесі мен қорытындысын талқылай келе ұсыныстар берілді:

1. Аттестаттау комиссия төрағасы:

«SmART kids» балабақшасының
меңгерушісі

К.Т.Ускембаева

2. Аттестаттау комиссиясының мүшелері:

Тәрбиеші:

Медбике:

Тәрбиеші:

Тәрбиеші:

М.М.Байжұманова

З.Р.Уркимбаева

Г.Н.Нұралы

К.А.Базарбаева

